Р Одағы Жоғарғы Советінің сайлауында табыстармен қарсы алуда мол ұйымдарының алдында да аса міндеттер тұр. Облысымыздың бірсы-комсомол ұйымдары бұл міндеттерді неғізінен орындап шығу үшін күш аудара. 328 комсомол мүшесі және оларда жоқ жастардан 407 адам елдік сайлау комиссияларының мүшесі болып белгіленді. Ал, 2,5 мыңдай комсомол мүшелері сайлаушылар арасында үгітші болып істейді. Үгіт-көшімшілік жасы Полудень, Приешім, Көнжухов, бр, Темір жол аудандарында ойдағы жүргізіліп келеді.

мудень ауданында 211 комсомол мүшесі үгітші болып істейді. Олар әрбір үйге бөлінген. Үгітшілер сайлаушылар арасында үгіт-көшімшілікпен қатар, олардың өндірістік белсенділігін арттыру

Ново-Георгиев сайлау учаскесінің шісі Галаганова, Ново-Бытовскі сайлау учаскесінің үгітшісі Ильина жолдасы өңіраралық сайлаушылар арасында 10 реттен өңірімізге өткізді. Ал, аудан комсомол комитеті сайлау ережесін п, үйрету жөнінде 35 үйірме ұйым қырып, 530 жас сайлаушыны қамты

решим ауданындағы «Путь Октя», Совет ауданындағы «Баян» Октя ауданындағы «Юпитер», Соколов ауданындағы «Путь Сталина» колхоздарындағы бастауыш комсомол ұйымдарында, босандыруда көп жұмыстар істеді. ың нәтижесінде учаске орталықтары си-психат, үгіт-көшімшілік жұмыстары н орталығына айналды.

Италиямен, Румыниямен, Болгариямен, Венгриямен және Финляндиямен Бітім Шарттарын дайындау туралы

Советтер Одағының, Америка Күрама Штаттары мен Ұлы Британия Сыртқы Істер Министрлерінің Москвадағы мәслихаты мынадай қарар қабылдады:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Ұлы Британия мен Күрама Штаттарының үкіметтері өздерінің келісім жасағандығын және Франция мен Кытай үкіметтерінен бітім шарттарын дайындау мына төмендегідей тәртібі туралы келісімге қосылуды өтінгендігіне мәлім дейді:

1. Егер тізе бүгу шарттарына қол қойған елдерге тікелей қатысы бар мәселелер жөнінде кеңестің басқа мүшелерінің шақыруы бойынша Кеңеске қатысу туралы бұл Кеңес қарар қабылдамайтын болса және әзірше қабылдамаған болса, онда Сыртқы Істер Министрлері кеңесінің Италиямен, Румыниямен, Болгариямен, Венгриямен және Финляндиямен бітім шарттарын жасауын Кеңестің тізе бүгу шарттарына қол қойған елдер болып есептеледі немесе Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесін құру туралы Берлин Конференциясында жасалған шарттарға сәйкес, тізе бүгу шарттарына қол қойған елдер ретінде саналатын мүшелері ғана қатысады. Яғни:

А). Италиямен бітім шартын Ұлы Британияның, Күрама Штаттарының Советтер Одағы мен Францияның Сыртқы Істер Министрлері жазып шығарады;

Б). Румыниямен, Болгариямен және Венгриямен бітім шарттарын — Советтер Одағының, Күрама Штаттары мен Ұлы Британияның Сыртқы Істер Министрлері жазып шығарады;

С). Финляндиямен бітім шартын Советтер Одағы мен Ұлы Британияның Сыртқы Істер Министрлері жазып шығарады.

Сыртқы Істер Министрлерінің Орынбасарлары Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің Лондонда болған бірінші сессиясында талқыланған мәселелер жайында жасалған келісім негізінде Лондонда өздерінің жұмыстарын дереу қайтадан қалпына келтіреді.

2. Осы жобалардың бәрін әзірлеу ісі аяқталған кезде, Кеңес Италиямен, Румыниямен, Болгариямен, Венгриямен және Финляндиямен бітім шарттарын талқылау жөнінде конференция шақырады. Конференция Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің бес мүшесінен, сол сияқты Біріккен

Нюрнбергде немістердің басты-басты соғыс қылмыстыларына сот

12 декабрьдегі таңертеңгі мәжіліс

(Басы газетіміздің 253 санында).

Розенберг өзінің хатына баяндама қоса жіберген. Заукальдің жұмысшы «жүйе» әу әдісін» көрсететін бұл баяндамада неміс полицейскийлерінің көп уақытта халқы Германияға жұмысқа «барудан» бас тартқан деревняларды өртегені айтылған. «25 жұмысшы жіберуге бұйрық алынғанда, — делінген баяндамада, — еңкім шақырғанға келмеді. Ересек адамдардың бәрі қашты. Мұнан кейін, герман полициясы келіп, қашқан адамдардың үйлерін өртей бастады. Екі ай бойына жауып болмай, қурап тұрғандықтан, дереу үлесен өрт шықты. Оның үстіне, жыйналған астық қоймаларға салынған еді. Не болғанын өзіңіз байқарсыз. Өрт шыққан жерге келген адамдардың өртті сөндіруге тыйым салынды. Полиция өртеу жүргізіп келген адамдары сабап тұтқынға алды. Бұл кезде полицейскийлер басқа үйлерді өртеуде болды». Мұнан кейін баяндамада басқа деревняларда (деревнялардың аттарына қарағанда, оқығға, Белоруссияда болса керек) полиция, кейін ретінде, қарттарды, кемпірлерді, балаларды тұтқынға алғаны, егер жұмысқа жарамды адамдар Германияға жұмысқа бармаса, көпіндегі адамдарды атқа болғаны айтылған.

Айыптаушы Дод «жұмысшы күнін жыйнау адамдары рахымсыздықпен ән есебінде аулаушылыққа ұласқанын көрсететін жаңа документтер оқыды. Мұндай адамдарды аулағанда немістердің көздеген адамдары ғана емес, олардың ата-аналары, балалары, ел түгіл, жамаағайындары да сұранып қуғынға ұшыратылған. Оларды өлтіре сабаған, тұтқынға алған, атып өлтірген. Бұл жөнінде гитлершілдер орта ғасырдағы құл сау-агерлерінен әлде қайда асып түсті. Тұтас деревнялар азық-түлік қорларымен бірге өртелгендіктен, тұтас аудандардың халқы аштықтан, суықтан қырылатын халге жеткізілді. Айыптаушы немістердің бір үлкен документін дәлелге келтірді. Бұл документте фашистердің құлдарды аң есебінде қудалауы салдарынан тұтас аудандар мен округтер құлазып қалған, олардың халқы бөгеліп қанып кеткен, елді жерлер жермен жексен етілген. Айыптаушы айыпкерлер Розенбергтің, әсіресе, Заукальдің мұның бәрін біліп қана қоймай, мұндай рахымсыз шараларды қолдануға өздері басшылық еткенін дәлелдеді. Дод сотқа фашист жетекшілердің бірі — Пауль Рааб деген адамның айыпкер Розенбергке жазған хатын дәлелге келтірді. Бұл хатында Рааб жү-

нольде жүргізген тазарту әрекетінің нәтижесінде 115 мың гектардай құнарлы жер бос қалғаны, өйткені, бұл ауданда ошқандай ел жоқ, деревнялар жермен жексен етілгені» айтылған.

Мұнан кейін айыптаушы гитлершілдердің батыста — Францияда, Белгияда, Голландияда да жұмысшы күшін осындай жолмен жыйнағанын айтты. Жұмысшы күшін күшпен айдап өкету нәтижесінде Германияның тек өзінің өнеркәсібінде 14 ұлттан 7 миллионнан аса шет елдік жұмысшы жұмыс істеген. Олардың бәрі дерлік Германияға күшпен айдап әкелінген, іс жүзінде немістердің құлы болған. 5 миллион жұмысшыдан небәрі 200 мыңға жетпейтін адам еркімен келген документтерінің бірінде Заукальдің өзі де мойындаған. Басқаларының бәрі Германияға күшпен әкелінген.

Тағы да бірнеше документтер мысалға келтіріп, айыптаушы Германияға күшпен айдап алынған адамдарға неше түрлі ауандық істелгенін дәлелдеді. Гитлершіл полицейскийлер, ол түгіл тіпті, көрнекті чиновниктер еректер мен әйелдерді сабаған, қыздарды маскаралаған. Германияда, ауырып, жұмысқа жарампаған «шығыс жұмысшыларына» гитлершілдердің жантүршігерлік жауыздықпен азап көрсеткенін Дод атап көрсетті. Оларды мал тасыйтын вагондарға, көп уақытта малмен бірге, қамап, көрі қайыратын болған.

Сұранып, тіпті, адам нағызсыз болып, көрінсе де, дейді Дод бұл вагондарда ауру балалар жолда өлген адамдармен, бұл адамдарды бір станцияға тастап кеткенге дейін бірге жататын болған.

Айыптаушы 1942 жылғы 30 сентябрьте Розенбергтің министрлігінде жазылған мемора аралық есептен үзінді оқыды. Бұл есепте шығысқа қайтарылған жұмысшыларды алып келе жатқан поезд сипатталған. Бұл поездарда туған балаларды немістер терзетін лақтырып тастағанын бұл документте гитлершілдердің өздері айтқан. Үлкен адамдардың өліктерін де лақтырып тастай берген. 1942 жылғы июльде айыпкер Заукаль қол қойған декрет гитлершілдердің шет елдік жұмысшыларға ауандық істелгеніне тағы бір дәлел. Декретте, басқа жағдайлармен, бірге, бұл поездардың вагондары жылытылмағаны, ол вагондарда тезере, деректе отыратын орындар болмағаны айтылған.

Бұл документтерді Трибуналға екі мәсатпен талсырып, отырмын, — дейді айыптаушы. — Біріншіден, айғақтарды анық-

патқан ең аз дегендегі тамақ мөлшерінен де мың калори кем алып келді. Олардың сыртқы киімі болмады, сондықтан суық және жауынды күндерде олар көрне жамылып жүрді. Олардың аяқ киімі болмады, көп жұмысшылар жұмысқа қысты күні де лажсыздан жалғыз аяқ барып жүрді. Бұл жұмысшылар орналасқан үйлер өте лас болды. Мұның нәтижесінде ауру-науқас өте көбейді. Әсіресе туберкулез ауруы өте көп болды. Көп адамдар сүзекпен ауырды. Үй жағдайының нашарлығынан, тамақтың нашарлығынан және азығынан, шаршағандықтан, жеткілікті дем ала алмағандықтан жұмысшылар шыбындай қырылды. Тазалықтың жоқтығынан шығыс жұмысшыларының бәрі дерлік қатыр болды. Жұмысшылар ауру болсын, сау болсын, оған қарамастан жұмысқа баруға міндетті болып өйткені дәрігерлер лагерлерге бармайтын. 1943 жылғы мағтта әуе шабуылдарының басталуына байланысты Крупптың лагерлерінде жағдай оған сайып нашарлады. Су жеткізу екі апта бойына мүлде тоқталды. Ауруларға арналған барақ сау адам тұруға да жарампады. Жауын жауғанда барақтың бұрыштарының бәрінен су сарғалайтын болды. Ондағы аурулар еш уақытта жазылмады».

Мұнан кейін доктор Эгер 1944 жылдың басында соғыс тұтқындарының лагерьлерінде байқағандарын айтқан «Бұл лагерлердегі жағдай, — дейді Эгер — 1942 жылы шығыс жұмысшыларына аталған лагерлердегіден де нашар еді. Бұл

лагерьлерде дәрігердің жәрдем болмады. Соғыс тұтқындарына арналған лагерлердің жайып бақылап тұруға міндетті қарулы күштер коммандованнесінің дінәсінан осындай адам төзбестік жағдай туды. Бомбалаудан бұл лагерлер қырағаннан кейін, ондағы адамдар көлденеңі алты, ұзыны сегіз фут ит қораларына қамалды».

Өзінің жауабының қорытындысында доктор Эгер Крупптың заводтары жанында болған тағы бір лагердің жағдайын суреттеді. Бұл лагерьде Италияның соғыс тұтқындары қамалған. Италиялар әкелгеннен кейін, әуе шабуылы кезінде қырылған бұл лагерьге, Крупп заводтарына жұмыс істеу үшін 600 еврей әйелдерін әкелді. «Олардың екі аптадай кейін тұңғыш рет көрген дәрігері мен болдым, — дейді Эгер, — Олардың бәрі қатты науқас болды, бірсыпырасының ашық жаралары бар екен. Бірақ оларды жарақатың байлайтын шүберек те болмаған. Олар жалаң аяқ жүрген. Киім дегенде үстін жабатын қапшықтары болған. Лагерь тікенекті сымдармен қоршалған, оны ОС отрядтары күзетіп тұрған. Лагерьде тамақ өте аз және өте нашар болған. Адамдар бұрынғы барактардың сырғаған орындарында тұрған, бұл адамдарға жауыннан, желден ошқандай баспана бола алмаған. Көп адамдар туберкулез, қан тыпшақ, емдеуге келмейтін сылтамақ ауруларына шалдыққан. Оның үстіне бәрі де әбден шаршап, әлсіреген».

12 декабрьдегі таңертеңгі мәжіліс осы документті оқумен аяқталды.

13 декабрьдегі таңертеңгі мәжіліс

НЮРНБЕРГ, 13 декабрь. (ТАСС). 13 декабрьде Трибуналдың таңертеңгі мәжілісінде айыптаушы Дод фашист қаскүномдердің халықаралық ережелер мен шарттарды бұзып, шет ел жұмысшыларын немістердің соғыс кәсіпорындарында, бекіністер салу жұмыстарына, және ауыл шаруашылығында пайдаланғаны туралы мәселеге қайтып оралды. Гитлердің жұмысшы күшін пайдалану жөніндегі өкілі айыпкер Заукальдің жауабын және Германияның қару-жарақ министрлігінің архивінен табылған көп документтерді дәлелге келтіріп, айыптаушы айыпкерлердің —бұрынғы қару-жарақ министрі Шпеердің, Гитлердің Голландиядағы бұрынғы наместнигі Зейсс-Инкварттың және Польшадағы гитлершіл жетек Франктің қазіргі заманда құл-неленуді туғызуға белсеніп қатысқанын көрсетті. Заукаль өзінің нұсқауы бойынша, Зейсс-Инкварт Германияның соғыс өнеркәсібі үшін Голландияда күшпен жұмысшылар жіберіп тұрғанын мойындады.

лар, болмашы «жазығы» байқалса-ақ, соғыс тұтқындарын өлімше етіп сабайтын болған. Ашыққан соғыс тұтқындарының бір тілім нан немесе шикі картоптауып жеуге әрекеттенуі оларды сабауға үнемі сылтау болып отырған.

Айыптаушы Дод айыпкер Шпеердің және Заукальдің шет ел жұмысшыларына ауандық істелгенін, олар үшін қасақана ауыр жағдай туғызғанын, мұның нәтижесінде, сол мың шет ел жұмысшылары жүдеудіктен және өртүрлі аурулардан өлгенін көрсетті.

10 минут демалыстан кейін айыптаушы Дод Трибуналға фашистердің тұтқын лагерлерін қалай пайдаланғаны туралы документтер талсырды. Айыптаушы Германиядағы тұтқын лагерлері гитлершілдердің өкмет тәртібінің құралы болғанын, бұл лагерлердің көмегімен гитлершілдер өздерінің өкмет билігін нығайтқанын, неміс халқы өздерінің идеологиясын қабылдауға көндіргенін, айтты. Одақтас елдердің халықтарына қарсы қыл-

а берілмей келеді. Бүдешний атындағы колхозда 16 үгітші бар. Олардың 10 комсомол мүшесі. Бастауыш комсомол ұйымы тапсырманың орындалуын қадағалап отырмағандықтан кейбір үгітшілер сайтаушылар арасына мүдде бармай қойған.

Попов жолдас сайлауға әзірлікте кезектен біріктар көпшіліктерді айта келіп, облыстың барлық комсомол ұйымдарын бұл көпшіліктерді іс үстінде жойып, сайлау алындағы үгіт-көпшілік, ұйымдастыру жұмыстарын бүгінгі таңдағы міндеттер дәрежесінде жүргізуге шақырды.

Баяндама бойынша 17 адам жарысөз сөйледі. Олар сайлаушылар арасындағы үгіт-көпшілік, ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен өрістетуге, әсіресе жас сайлаушылар арасындағы жұмыс туралы толық пікір алысты. Пленумға қатысушылар сайлауға әзірлікте комсомол ұйымдарына напшар басшылық жасап отырғаны үшін облыстық комсомол комитетінің қызметкерлерін қатты сыңға алды.

—Біздің аудан,—деді ҚМЖО Октябрь аудандық комитетінің секретарі Клобух жолдас,—облыс орталығынан алыс жерде болғандықтан бізде облыстық комсомол комитетінің қызметшілері өте тирек келеді, жұмысқа нақтылы басшылық етіп отырмайды. Бізде, сайлау Ережесі мен Сталиндік Конституция басылған кітаптар жеткіліксіз. Бұл жөнінде де бізге ешбір көмек көрсетілмей келеді.

Пленум қаралған мәселе бойынша тиісті қаулы қабылдады.

Пленум ҚМЖО облыстық комитетінің бюро мүшелері етіп, Константинов, Ларькина, Галиев, Нунса жолдастарды бекітті.

ЖАҢА ЖЫЛҒА ТARTY ӘЗІРЛЕУДЕ

Петропавлдағы өнеркәсіп орындары жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап, Отанымызға жаңа жылдық тартулар әзірлеуде. Нап комбинатының коллективі жаңа жылға дейін жоспардан тыс 3 мың сомның тұрғы тәтті тағамдарын өндіріп шығарады.

Темекі фабрикасы жоғарғы сапалы темекі өндіру ісін игерді. Мұнда жаңа жылға дейін 1600 жәшік жоғарғы сапалы темекі өндірілді. Фабрика барлығы жоспардан тыс 45-мың сомның темекісін өндіреді.

Белорус Советтік Социалистік Республикасының, Бразилияның, Грецияның, Голландияның, Индияның, Канаданың, Жаңа Зеландияның, Норвегияның, Польшаның, Украин Советтік Социалистік Республикасының, Чехословакияның, Эфиопияның, Югославияның, Оңтүстік Африка Одағының өкілдерінен құралады.

Конференция 1946 жылғы 1 майдан кешкітірілмей шақырылады.

3. Конференцияның жұмысы аяқталып, оның рекомендацияларын қарағанын кейін Италиямен, Румыниямен, Болгариямен, Венгриямен және Финляндиямен уақытша бітім шарттарына қол қойған мемлекеттер және Италиямен бітім шартын жасау жайында уақытша бітім шарттарына қол қойған одақтас мемлекеттерге теңелген Франция, тиісінше бітім шарттарының түпкілікті сөздерін жазады.

4. Осы жолмен жазылған тиісті бітім шарттарының түпкілікті сөздеріне конференцияға өкіл жіберген және сол жау-мемлекетке қарсы соғыс жағдайында болған мемлекеттердің өкілдері қол қояды.

Бұдан соң тиісті бітім шарттарының сөздері осы жау мемлекеттер соғыс жағдайында болған басқа да Біріккен Ұлттарға тапсырылады.

5. Бітім шарттары оларды тиісті уақытша бітім шарттарына қол қойған одақтас мемлекеттер, сол сияқты Италия жайында оларға теңелген Франция бекіткеннен кейін дереу күшіне кіреді.

Сол сияқты бітім шарттары тиісті жау мемлекеттердің бекітуіне жатады.

Басқа мәселелер жөніндегі кеңіс сөздер достық рухта өтіп жатыр және конференцияның барлық жұмысын қамтитын мәлімдеме бір-екі күн ішінде жарияланады деген үміт бар.

Австралия парламентін шұқыу жағында

ВЕНА, 16 декабрь. (ТАСС). Вена радиосының хабары бойынша, бүгін көпшілік те уақытша үкімет қайта сайланған. Австралия парламентін 19 декабрьде шақыру туралы қарар қабылдаған.

Инд-Қытайдағы ұрыстар

ДЕЛИ, 16 декабрь. (ТАСС). Индо-Қытайда Делат қаласының солтүстік жағында 60 километр жерде француз әскерлері мен жергілікті халық-аннамиттер ұрыстары арасында кескілескен ұрыстар болып жатқандығын Дели радиосы хабар етті. Француз командованиесінің тілегі бойынша, бұл ауданға Англияның «Сиит-файр» типтес үш самолёті жіберілген. Олар шоғырланған аннамиттерге еселен бомба жаудырған.

тың бұқпантай қарсылығы басталған кезде мен тағы да тұтқынға алуға, конфискалауға, атамдары жұмысшы лагерлеріне жөнелтуге кірістім. Жұмысқа жіберілген бір топ адам біраз уақыттан кейін сақшыларды ұрып жығып, қашып кетті. Мен тағы да өте қатал шаралар қолдану керек деп талтым. Қашқындардың үйлері өртеді. Хатының алғында Рааб оның жұмысқа баруға бас тартқан адамдарды жазалау әдістері Василь көведідегі округтік комиссарға және Кневтегі бас комиссарға мәлім болуымен бірге, олар мұны мақұлдағанын айтқан. Айыпкерлер Заукедь мен Розенбергтің де бұл шараларды білгені және мақұлдағаны күмәнсіз.

Қасіргі заманның күл иеленушілерінің үстемдігіне халықтың қарсылығы неғұрлым күшейген сайын, адамдары аң есебінде аулауға жіберілген күнтер де арта берген. Полициядан, армиядан және әртүрлі көмекші бөлімдерден тыс бұған Гитлердің сақшы отрядтары да жіберілген. Айыптаушы СС бөлімдеріне және хауіпсіздік комиссиясына берілген өте құпия бұйрықты жариялады. 1943 жылғы 19 мартта шығарылған бұл бұйрықта былай делінген: «Жұмысшы көчторларының және тиісті жұмысшы жыйнау комиссияларының белсенділігін неғұрлым көп көлемде қолдау керек. Күш қолдануға тура келетін түрі бар. Деревяларды тіңткенде, қажет болған реттерде бүкіл деревяны өртеу керек. Барлық халық күшпен комиссардың қарамағына жөнелту керек».

Трибунал председателінің ұсынуы бойынша, айыптаушы бұл бұйрықтың мынадай параграфын мысалға келтірді: «Бұлай былай балалары атпау тәртіп ретінде қолданылу керек». Бұл параграф Гитлердің бандиттердің «күш қолдану» деген сөзді қалай түсінгенін көрсетеді.

Айыптаушы Дод бұл жантүршігерлік шаралардың қолданылуын айыпкерлердің білгені және бұл шаралар айыпкер Розенбергтің тікелей бұйрық бойынша мақұлдауымен жүргізілгенін тағы да атып көрсетіп, 1943 жылғы 30 июньда Житомирде болған мемлекет туралы күшіне есепті жариялады. Бұл мәлімдеме Розенберг қатысқан. Оған бас комиссар Лейзер жұмысшы күшін тек күш жұмсау қолымен, өте қатал шаралар қолдана отырып «жыйнауға» тура келетінін айтқан.

Бұл шаралардың салдарынан, басып алынған аудандардың шаруашылығы толық бүлінген. Дод 1943 жылғы 28 июльде Розенбергтің ең жақын көмекшілерінің бірі—Риккоге жіберілген мәліметті жариялады. Бұл мәліметте «СС отрядтары мен полицияның 1942 жылғы

құпия кейінгі документтер, құлдыққа түсірілген жұмысшылардың азабы Германияға барғаннан кейін аяқталмағанын сипаттайды. Германияда бұл жұмысшылар жолдағыдай ауыр жағдайға түсірілген. Гитлердің қасумендер жұмысшылардың денсаулығымен, өмірімен есептеспей, олардың барлық күшін сарқа пайдалануы ғана көздеген.

—Айыпкер Шпеер.—дейді онан кейін Дод.—күшті және қаталдықты өндіріс тің құралы ретінде дөріштеген. Орталық жоспарлау комиссиясының мәжілісінде Шпеер ауру жұмысшыларды, қыдырымпаздар, деп атап, оларды тұтқын лагерлеріне қамау үшін барлық шараларды қолданыпты бідірген. Сол комиссияның Шпеер басқарған мәжілісінде Фельдмаршал Милх онан да асып түсіп, бұл «қыдырымпаздардың» тізімдерін «Гиммлердің айымайтын берік қолыға тапсыру керек екенін көрсеткен. Шет ел жұмысшылары жөнінде қолданылған жауыздық әдістер.—дейді Дод.—іс жүзінде гитлершілдердің—өздері айтқаншағыдан әлдеқайда сұрапыл болды. Жұмысшыларды тұтқын лагерлеріне қамады. Оларға ешбір тұрмыс жасалмады, жеткілікті киім берілмеді, айуандық қорлық көрсетілді, дәрігерлік жағынан жәрдем берілмеді.

Жұмысшыларға қаталық істелудің айқын мысалы ретінде айыптаушы Крупный заводтары дәлелге келтірді. Ол Крупный заводтарында шет елдік жұмысшыларға тамақ өте аз берілгенін, сондықтан олар жүдеп, жұмыс істей алмағанын айтты. Дәлел ретінде айыптаушы Крупный архивінен табылған меморандумды сотқа тапсырды. 1942 жылғы 14 мартта жазылған бұл меморандумнан айыптаушы маңдай үшін келтірді: «Сонғы бірнеше күннің ішінде біз орыстарға берілетін тамақтың өте аз екенін, сондықтан адамдар күн санап әлсіреуде деп анықтадық. Тексерге келгенде кейбір орыстар станокқа, салатын кесек металды да қолымен кетере алмайтынын көрдік. Орыс жұмысшылары жұмыс істейтін басқа жерлердің бәрінде де жағдай осындай».

Крупный кәсіп орындарында жұмыс істеген шет ел жұмысшыларының жағдайы маңдай болғанын екінші бір документте мұнда да толық сипатталған. Бұл документ—Ессендегі Крупный заводтарында жұмыс істеген шет ел жұмысшылары лагерінің бас дәрігері доктор Эгердің жазба жауабы. Эгердің жауабында былай делінген: «Шығыс жұмысшылары тұрған лагерлер тікелей сымдармен қоршалып, қатты күзетілді. Барлық адамдарға азық толуы болды. Адамдар саямаларға немесе өкі қатар сәкілерге ұйықтаты. Шығыс жұмысшыларына берілетін тамақ жеткіліксіз болды. Олар тамақты неміске ар-

нап жұмысшылар жөнелтуді бастаушылардың бірі болған. Шпеер талай рет Заукедьден шет ел жұмысшыларын жіберіп тұруды талап еткен, бұл жұмысшыларды Германияға тек күшпен әкелуге болатындығын жақсы білген.

Тек ол ғана емес, мұны фашист билестеушілердің бәрі бе біліп отырған. Айыптаушы 1944 жылғы 4 январьда Гитлердің ставксында жұмысшы күші туралы өткізілген конференцияның жазба есебін жариялады. Бұл есепті министр Ламмерс жазған. Заукедьдің баяндамасының мазмұнын жаза келіп, Ламмерс егер зорлық шаралары күшейтілсе, жұмысшы күшін жеткізуге Заукедьдің көпшілік бергені көрсеткен. Гиммлер сол жерде СС отрядтарының «жұмысшы күшін жыйнаушыларға» көмегін күшейтуге уәде берген. Сол конференцияда Шпеер өзіне соғыс өнеркәсібі үшін және Дод ұйымы үшін тағы да 1300 мың шет елдік жұмысшы берілуін талап еткен. Мұнымен бірге Шпеер, Заукедьдің «жыйнаушылары» басып алынған елдердің соғыс заводтарындағы жұмысшыларды «алуға» әрекеттенбесін, деп ескерткен. Гитлер Шпеерді қосап, Заукедьге қандай жолмен болса да керектіне жұмысшылар жеткізуді ұсынған. Конференцияның жұмысын қорыта келіп, Ламмерс: «Жұмысшы күшін пайдалану өкілі басып алынған жерлерден жаңадан кемінде 4 миллион жұмысшы табуы керек» деп жазған.

Жұмысшы күшінің қоры бірте-бірте сарқыла берген. Шпеердің сан рет қатты талап еткеніне қарамастан, Заукедь барған сайын көп керек болып отырған жұмысшыларды тез жеткісізге алмаған. Жұмысшы күшінің үнемі кемі беруіне негізгі себеп—Шпеер шет елдік жұмысшыларға жұмысты өте көп істелуге бұйрған. сондықтан, шет елдік жұмысшылар бірнеше айдың бойы жұмысқа жарамай, қатарлап шығып қала берген. Тұрмыс жағдайы өте нашар болғандықтан, шет ел жұмысшылары еңбек лагерлерінде көп өлген, бұл лагерлердің тұтқын лагерлерінен ешбір айырмасы болмаған. Шпеер соғыс заводтарының директорларынан, бекітілген салу жұмысындағы жұмысшы балалықтарының бастықтарынан қандай жолмен болса да шет ел жұмысшыларының күшін барынша сарқа пайдалануды талап еткен.

Шпеердің ұсынысы бойынша, Заукедь соғыс кәсіп орындарына ондаған мың соғыс тұтқындарын жіберген. Куәлердің жауаптарына сүйеніп отырып, айыптаушы бұл соғыс тұтқындарының сұрапыл ауыр жағдайда болғанын әшкереледі. Таяқтармен немесе резина камшылармен қаруланған гитлершіл бақылаушы

ты төтенше декрет бойынша, азамат екендігінен айырып, бұл декрет алдын ала тұтқынға алуға право берді, гестапоны адамдарды тұтқынға алуына және соттергеуін жүргізбестен тұтқында ұстауына право берді.

Куә Герхард Сигардың жазба жауабына сүйеніп, айыптаушы гитлершілдерді «үкімет билігін қолға алмастан бұрын да тұтқын лагерлерін қарсы топтарды тапсырғандықтан» деп танығанын айтты.

Мұнан кейін айыптаушы бұл тұтқын лагерлері еврейлерді қырғынға ұшыратудың бір құралы болғанын дәлелдеді.

Шапқыншылықты бастағаннан кейін гитлершілдер осы сұрапыл террор тәртібін жаулап алынған елдерде де қолданды.

Гитлершілдердің соғыс тұтқындары тұтқын лагерлеріне қамағанын дәлелде ретінде, айыптаушы Американың 3-миясы штабының 1945 жылғы 21 июльде Шлоссенбургтегі тұтқын лагерін зертеуі туралы ресми баяндамадан үзін келтірді. Бұл баяндамада 1941 жылғы Шлоссенбург лагерінде 2000 совет тұтқындарына арналған жаңа корпус құрылғаны айтылған. Бұл 2000 тұтқынның бәрі 102 адам тірі қалған. Мұнан әрі яндамада Шлоссенбургте қырғынға ұшыратылғандардың ішінде совет елінің жазаматтары және соғыс тұтқындары, сондықтан италяндар, бельгиялықтар, поляктар, чехтар, венгрлер, ағылшындар және Американың соғыс тұтқындары да қаны айтылған. Бұл лагерде өлген адамдардың тізімін жасауға мүмкіндік болған, өйткені 1938 жылы бұл лагері қырылғаннан бастап, тұтқындар азат етілгенге дейін 29 мыңдай аса тұтқын өл болса керек.

Қашуға әрекеттенген соғыс тұтқындарын, әдейі адамдарды қыруға арналған тұтқын лагеріне жөнелтіп отырған. Мұндай лагерлердің бірі Маутхаузенде болған.

Шапқыншылық соғысты ұлғайта кетірген гитлершілдер бүкіл Европада тұтқынгерлерін ашқан.

Айыптаушы Трибуналға бір үлкен таны көрсетті. Бұл картада Европада жерлерде тұтқын лагерлері болғаны селілген. Бұл лагерлердің көпшілігі манияның өзінде болған. Үлкен лагердің әрқайсысының толып жатқан бөлірі болған.

Сөзінің қорытындысында айыптаушы бұл лагерлердегі тұтқындарға қан қорлық, азап көрсетілгенін айтты.

13 декабрьдегі таңертеңгі мәжіліс осымен аяқталды.

Мауалты редакторының орынбасары
Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ